

Салалық бағдарламаларды өзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 846 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 23.12.2016 № 846 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап төрт ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қ а у л ы с ы м е н

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Салалық бағдарламаларды өзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау және ережесін бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өндірлік бағдарламаларды өзірлеу мен іске асыру ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы № 231 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 10, 122-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 қазандағы № 982 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 37, 414-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

2010 жылғы 18 наурыздағы

№ 218 қаулысымен

бекітілген

Салалық бағдарламаларды өзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесі

Ескерту. Тақырып жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Салалық бағдарламаларды өзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына сәйкес өзірленді және салалық бағдарламаларды өзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

2. Салалық бағдарлама — салалық мәні бар маңызды міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты ұйымдық, норма шығару, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық және басқа да шаралар кешенін айқындайтын құжат.

3. Орталық мемлекеттік органдар (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) салааралық және ведомствоаралық сипаттағы маңызды міндеттерді шешу мақсатында Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрган құжаттарын іске асыру үшін орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған салалық бағдарламаларды өзірлейді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

4. Салалық бағдарламалар, егер оларда жазылған проблемаларды қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының шеңберінде шешуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда ғана өзірленеді.

5. Салалық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Иске асыру мерзімі бойынша салалық бағдарламалар:

орта мерзімді (бір жылдан 5 жылға дейін);

ұзақ мерзімді (5 жылдан астам) болып бөлінеді.

6-1. Салалық бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, оларды өзірлеу кезінде осы қаулыда белгіленген талаптар сақталады.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

7. Салалық бағдарламаларды мониторингілеу және бағалау жүргізу жөніндегі әдіснамалық сүйемелдеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 2014 № 1100 қаулысымен.

1-1. Салалық бағдарламалардың тізбесі

Ескерту. Ереже 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

7-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган салалық бағдарламалар тізбесін мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары түрған құжаттарының тұжырымдалған стратегиялық мақсаттары негізінде қалыптастырады және түзетеді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Салалық бағдарламалардың тізбесі бағдарламалардың атауын, салалық бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның көрсетілуін, салалық бағдарламалардың іске асырулу мерзімдерін қамтуға тиіс.

Салалық бағдарламалардың тізбесінде көзделмеген салалық бағдарламаларды әзірлеуге және бекітуге жол берілмейді.

Салалық бағдарламалар тізбесінің жобасы Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспары бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізіледі.

Салалық бағдарламалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша қалыптастырылады.

Салалық бағдарламалар тізбесін түзету Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша, Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын мониторингілеу мен бағалау нәтижелері бойынша және салалық бағдарламалар аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

2. Салалық бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар

8. Салалық бағдарлама мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары түрған құжаттарын іске асыру мақсатында әзірлену;
- 2) салааралық және ведомствоаралық сипаттағы маңызды міндеттерді іске асыруға бағдарлануы;

3) игілік алушылардың нысаналы тобының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарлану;

4) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін мақсаттардың, міндеттердің, нысаналы индикаторлар мен шаралардың мерзімдері, ресурстары мен орындаушылары бойынша келісілген жүйесін қамту;

5) шаралардың атаулылығын, оларды іске асыру мерзімдері мен дәйектілігі нақты айқындалғанын, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдарлану қамтамасыз ету;

6) қаржы, еңбек және техникалық ресурстар мен оларды қамтамасыз ету көздерінің теңгерімділігін қамтамасыз ету.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

9. Мыналарға:

мемлекеттік органдардың ішкі ведомстволық мәселелерін шешуге бағытталған;

мемлекеттік органдардың қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, стратегиялық жоспарларының және салалық бағдарламалардың, сондай-ақ осы бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың мақсаттары мен міндеттерін қайталайтын салалық бағдарламаларды әзірлеуге жол берілмейді

9-1. Салалық бағдарламада реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаандатуды жүзеге асыруды көзделген жағдайда, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен реттеушілік әсерді талдау рәсімі алдын ала жүргізіледі.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Салалық бағдарламаның құрылымы

10. Салалық бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) паспорты (негізгі параметрлері);
- 2) кіріспе;
- 3) ағымдағы жағдайды талдау;

- 4) бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері;
- 5) бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жолдары, тиісті шарапар;
- 6) бағдарламаны іске асыру кезеңдері;
- 7) қажетті ресурстар;
- 8) бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

11. "Паспорты" бөлімінде мыналарды қамтитын салалық бағдарламаның негізгі параметрлері баяндалады:

атауы;

әзірлеу үшін негіздеме;

салалық бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік органның нұсқауы;

мақсаттары;

міндеттері;

іске асыру мерзімдері (кезеңдері);

нысаналы индикаторлары;

каржыландыру көздері мен көлемі.

12. "Кіріспе" бөлімінде ұсынылып отырған салалық бағдарламаның қажеттілігінің негіздемесі баяндалады.

13. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде мыналар баяндалады:

сала (сектор) жағдайының ағымдағы ахуалын, сондай-ақ осы саланың (сектордың) елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау;

осы саладағы (сектордағы) күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді талдау;

тиісті саланы (секторды) дамытудың негізгі проблемалары, үдерістері мен алғышарттары;

нысаналы технологиялық бағдарламалар (болған кезде) арқылы іске асырылатын дағдарысты технологиялардың тізбесін қоса алғанда, саланы (секторды) инновациялық-технологиялық дамытуды талдау. Сондай-ақ басқарушылық технологияларды жақсартуға және халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді жетілдіруге бағытталған қызметтің инновациялық құрауышы талданады;

қолданыстағы нормативтік-құқықтық базалар сипаттамасын, саланы (секторды) дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың

қолданыстағы практикалары мен нәтижелерін қоса алғанда, саланы (секторды) дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау;

Казақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін орын алып отырған проблемаларды шешу жөніндегі шетелдік оң тәжірибелі шолу, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелері.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 475 қаулысымен.

14. "Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері" деген бөлімде мыналар көрсетіледі:

бағдарламаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжатының стратегиялық мақсатынан қалыптасатын мақсаты, ол жоспарлы кезеңнің соңындағы сала (сектор) жағдайының пайымдауын білдіреді және оны осы бағытта дамытудың сапалы бағдары болып табылады;

әрбір мақсат бойынша белгіленетін нысаналы индикаторлар сапалық жағы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде болатын өзгерістердің мәнін, ал сандық жағы оның өлшенетін, абсолютті немесе салыстырмалы шамаларын көрсететін бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді білдіреді;

бағдарламаның міндеттері "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде көрсетілген проблемаларды шешу және тиісті саланы (секторды)

инновациялық-технологиялық дамыту, сондай-ақ басқарушылық технологияларды жақсартуға және халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді жетілдіруге бағытталған қызметтің инновациялық құрауышының қажеттілігі ескеріле отырып айқындалатын мақсаттарға қол жеткізу жолдарын білдіреді;

әрбір міндет бойынша жоспарлы мәнге қол жеткізу көзделетін нақты кезеңді (орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді) көрсете отырып, бағдарлама міндеттерінің шешілу дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық өлшенетін мәндер ретінде белгіленетін нәтижелер көрсеткіштері;

мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 475; 16.10.2014 № 1100 қаулыларымен.

15. Салалық бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері айқын, нақты, бақыланатын және тексерілетін болуы, саладағы (сектордағы) белгілі бір нақты өзгеріске қол жеткізгенін көрсетуі тиіс.

15-1. "Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жолдары, тиісті шаралар" деген бөлімде салалық бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қойылған

мақсаттар және міндеттерге қол жеткізу жолдары, сондай-ақ көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді толық көлемде және қажет мерзімде қамтамасыз ететін шаралар кешені келтіріледі.

Ескерту. Ереже 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 05.06.2014 № 612 қаулысымен.

16. "Бағдарламаны іске асыру кезеңдері" бөлімінде бағдарламаны іске асырудың, міндеттерді шешудің, іс-шараларды орындаудың және қутілетін аралық нәтижелерге қол жеткізудің уақытша кезеңдері баяндалады.

17. "Қажетті ресурстар" бөлімінде бағдарламаны іске асыруға қатысатын қаржылық-экономикалық, материалдық-техникалық, еңбек және тағы басқа ресурстардың сипаттамасы баяндалады.

Салалық бағдарламалар іс-шаралар бойынша қаржыландырудың болжанатын көлемдері, оларды іске асыру мерзімдері туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

18. Салалық бағдарламаның қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Іс-шаралар жоспары осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады және мынадай ақпаратты қамтиды:

1) "Салалық бағдарламаның атауы" деген жолда салалық бағдарламаның толық атауы көрсетіледі;

2) бірінші бағанда салалық бағдарлама мақсатының, нысаналы индикаторларының, міндеттерінің, нәтижелер көрсеткіштерінің және іс-шараларының реттік нөмірі көрсетіледі;

3) екінші бағанда жазылу реттілігі "Бағдарламаның іске асырулу мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері" деген бөлімнің жазылу реттілігіне негізделетін мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштер, іс-шаралар келтіріледі;

4) үшінші бағанда өлшем бірлігі көрсетіледі;

5) тертінші бағанда жоспарланған орындалу мерзімдері көрсетіледі;

6) бесінші бағанда іс-шараның аяқталу нысаны көрсетіледі;

7) алтыншы бағанда салалық бағдарламаның мақсаттарына, нысаналы индикаторларына, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар, олардың ішінде ведомствоның бағынысты ұйымдар (ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоса алғанда, мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар) көрсетіледі;

8) жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бағандарда:

"Нысаналы индикаторлар" деген жолда салалық бағдарламаның мақсатына қол жеткізілу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін, санмен өлшенетін мәндер көрсетіледі;

"Нәтижелер көрсеткіштері" деген жолда міндеттің шешілу дәрежесін сипаттайтын санмен өлшенетін нәтижелердің мәндері көрсетіледі;

"Іс-шаралар" деген жолда салалық бағдарламаны іске асырудың әрбір жылы бөлінісінде, шығыстар көлемі көрсетіледі, мың теңге;

9) он үшінші бағанда болжанатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі, мың теңге;

10) он төртінші бағанда болжанатын сомалардың қаржыландыру көздері көрсетіледі:

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік кепілмен тартылатын мемлекеттік қарыздар, мемлекеттік емес қарыздар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе донор-елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың меншікті қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері;

11) бесінші, он үшінші және он төртінші бағандарынан "Нысаналы индикатор", "Нәтижелер көрсеткіштері" деген жолдар толтырылмайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

4. Салалық бағдарламаларды әзірлеу тәртібі

19. Салалық бағдарламаны оны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган әзірлейді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және инвестиция және индустриялық-инновациялық даму бөлігінде индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органмен келіседі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

20. Салалық бағдарламаны әзірлеу бірнеше мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қажет еткен жағдайда салалық бағдарламаны мұдделі мемлекеттік органдар бірлесіп әзірлейді және кейіннен олармен келісіледі.

21. Салалық бағдарламаны әзірлеу қажеттілігіне қарай ғылыми-зерттеу ұйымдары, ғалымдар, білім саласындағы түрлі мамандар тартыла отырып жүзеге асырылады.

4-1. Салалық бағдарламаларды іске асыру

Ескерту. Ереже 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

21-1. Салалық бағдарламаның берілген мақсаттарына, нысаналы индикаторларына, міндеттеріне, нәтижелер (аралық және түпкі) көрсеткіштеріне қол жеткізу үдерісі іске асыру болып табылады.

21-2. Салалық бағдарламаны іске асыру кезінде:

- 1) ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы келісімділік;
- 2) берілген нәтижелерге ресурстардың барынша аз шығындарымен қол жеткізу бағдарын ұстану;
- 3) қаржы, еңбек және басқа да ресурстардың тенгерімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

21-3. Тиісті кезеңге арналған салалық бағдарламаны іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Үкіметіне, әзірлеуші мемлекеттік органға және бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарға жүктеледі.

5. Салалық бағдарламаларды мониторингілеу

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

22. Мониторинг салалық бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есептерді және басқа да ақпаратты жинау, жүйелеу, талдау мен тұжырымдау болып табылады.

23. Салалық бағдарламаларды мониторингілеудің мақсаты күтілетін нәтижелерге тиісінше және уақтылы қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін олардың іске асырылу барысын жақсарту болып табылады.

24. Салалық бағдарламалардың мониторингі:

салалық бағдарламалардың іске асырылуының ағымдағы жағдайы туралы ақпарат алу тұрақтылығын;

салалық бағдарламаларды іске асыруда мемлекеттік органдар іс-қимылдының келісімдігін;

өзгеріп отыратын жағдайларды ескере отырып, салалық бағдарламаларды уақтылы өзекті етуді қамтамасыз етеді.

25. Салалық бағдарламаның мониторингін оны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган, осы бағдарламаны іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

26. Салалық бағдарламаларды мониторингілеу жылына бір рет жылдың қорытындылары бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478
Қаулысымен.**

27. Салалық бағдарламаларды мониторингілеу оны өзірлеуге жауапты мемлекеттік орган және осы бағдарламаны іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган жасайтын іске асыру туралы есеп негізінде жүргізіледі.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478
Қаулысымен.**

28. Іске асыру туралы есеп:

1) құжаттың деректемелерін:

құжаттың атауын, номірін, күнін;

өзірлеуші мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушыларды;

іске асыру мерзімін, оның ішінде кезең-кезеңімен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторларды және міндеттер нәтижелерінің көрсеткіштерін, сондай-ақ оларға қол жеткізілмеу себептерін;

3) орындалған және орындалмаган жоспарланған іс-шаралар және олардың орындалмау себептері, орындалмаган іс-шаралардың өнірдегі, елдегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға ықпалы туралы ақпаратты;

4) қаржыландыру көздері бойынша беле отырып, бөлінген қаржы құралдарының игерілуі туралы ақпаратты (көлемі мен пайдаланылмау себептерін көрсетіп);

5) құжатты іске асыруға қатысатын әр түрлі тараптардың өзара іс-қимылын талдауды;

6) құжаттың іске асырылу барысына ортаниң сыртқы әсерін талдауды;

7) шешілуге осы құжат бағытталған проблемалар мен міндеттердің шешілу деңгейі туралы ақпаратты, құжатты іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін (осы ақпарат құжатқа бағалау өткізілген жылғы есепке енгізілуге тиіс);

8) игілік алушылардың қанағаттанушылығының деңгейі, оның ішінде жоспарланғанға қарағанда нақты көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетулердің деңгейі туралы ақпаратты (осы ақпарат құжатқа бағалау өткізілген жылғы есепке енгізілуге тиіс);

9) мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелері жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы мәліметтерді;

10) тұжырымдар мен ұсыныстарды, оның ішінде құжатты түзету, қаржыландыру көлемі мен көздері жөніндегі, қолданыстағы заннаманың өзгеруі туралы және басқа ұсыныстарды қамтуы тиіс.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

28-1. Бағалау жүргізілетін жылы салалық бағдарламаны іске асыру туралы есеп барлық бағалау кезеңінде осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтиды.

Ескерту. 5-тaraу 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

29. Іске асыру туралы есеп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған нысан және тәртіп бойынша құрылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

30. Іске асыру туралы есептің негізінде мониторингілеу жөніндегі қорытынды дайындалады.

Салалық бағдарламаларға бағалау жүргізілетін жылы мониторингілеу жөніндегі қорытынды қалыптастырылмайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

31. Мониторингілеу жөніндегі қорытынды:

1) деректемелерді (салалық бағдарлама бекітілген актінің атауын, нөмірін, күнін, әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды, бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарды, іске асыру мерзімдерін, оның ішінде кезең бойынша);

2) есепті кезеңде қол жеткізілген нақты нәтижелерді, оның ішінде есепті кезеңдегі аралық мәнімен қоса, нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін (аралық немесе түпкілікті мәнге қол жеткізілмеген жағдайда қол жеткізілмеу себептерін көрсету);

3) есепті кезеңге жоспарланған іс-шаралар санын, орындалған және орындалмаған (себептерін көрсете отырып) іс-шаралар тізбесін;

4) салалық бағдарламаның іске асырылу барысына ықпал ететін факторларды талдауды;

5) қаржыландыру көздері бойынша бөле отырып, іс-шараларды орындауға есепті кезеңге бөлінген және игерілмеген, бюджеттік және өзге де қаржы құралдары туралы ақпаратты;

6) жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы мәліметтерді;

7) орындаушы жауапты мемлекеттік орган салалық бағдарламага енгізген езгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты;

8) алдыңғы бағалаудың нәтижелері бойынша салалық бағдарламаға езгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпаратты;

9) қорытындылар мен ұсыныстарды қамтуы тиіс.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

32. Салалық бағдарламаға мониторинг жүргізу үшін:

1) осы бағдарламаны іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін салалық бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға іске асыру туралы ақпаратты ұсынады;

2) салалық бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асыру туралы ақпарат негізінде салалық бағдарламаны іске асыру туралы есеп қалыптастырады және оны есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады, сондай-ақ бірінші басшының қолы қойылған есепті веб-порталда (құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдалануға арналған ақпаратты қоспағанда) орналастырады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

33. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган салалық бағдарламаларды іске асыру туралы есептер негізінде жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша олардың әрқайсысы бойынша қорытынды жасайды және оларды іске асыру туралы есептермен бірге есепті жылдан кейінгі жылдың 25 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

34. Салалық бағдарламаны мониторингілеу нәтижелері бойынша оларды түзетуді жүзеге асыруға болады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

35. Жүргізілген салалық бағдарламаларды мониторингілеу нәтижелерінің дұрыс еместігі және толық болмауы үшін жауапкершілік салалық бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға және осы бағдарламаны іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдарға жүктеледі.

6. Салалық бағдарламаларды бағалау

Ескерту. Ереже 6-тaraumen толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Қаулысымен.

36. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті өзінің жұмыс жоспарына сәйкес жүргіzetін бақылау іс-шаралары шенберінде жүргізіletін бағалауды қоспағанда, салалық бағдарламаларды бағалау оларды

іске асырудың әрбір үш жылы өткеннен кейін (аралық) және жоспарлы кезеңнің қорытындылары (тұпкі) бойынша жүзеге асырылады.

Салалық бағдарламаның іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

37. Салалық бағдарламаның іске асырылуын бағалау: осы Ереженің 28, 28-1 және 29-тармақтарына сәйкес жасалатын барлық бағалау кезеңіндегі іске асыру туралы есептер, статистикалық ақпарат; бақылау тексерістері негізінде жүргізіледі; сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми институттардың, халықаралық сарапшылардың және тағы басқалардың бағалауы пайдаланылуы мүмкін.

38. Осы Ереженің 37-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде қорытынды дайындалады.

39. Қорытынды:

1) деректемелерді (салалық бағдарламаны бекіткен актінің атауын, нөмірін, күнін, салалық бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды, бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарды, іске асыру мерзімдерін, оның ішінде кезең бойынша);

2) есепті кезеңде қол жеткізілген нақты нәтижелерді, оның ішінде есепті кезеңдегі аралық мәнімен қоса нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін (аралық немесе түпкілікті мәнге қол жеткізілмеген жағдайда қол жеткізілмеу себептерін көрсету);

3) есепті кезеңге жоспарланған іс-шаралар санын, орындалған және орындалмаған (себептерін көрсете отырып) іс-шаралар тізбесін;

4) салалық бағдарламаның іске асырылу барысына ықпал еткен факторларды талдауды;

5) қаржыландыру көздері бойынша бөле отырып, іс-шараларды орындауға есепті кезеңге бөлінген және игерілмеген бюджеттік және өзге де қаржы құралдары туралы ақпаратты;

6) жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы мәліметтерді;

7) жауапты орындаушы мемлекеттік орган салалық бағдарламаға енгізген езгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты;

8) алдыңғы бағалаудың нәтижелері бойынша салалық бағдарламаға езгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпаратты;

9) құжатты іске асыру барысының нәтижелілігі мен тиімділігі туралы тұжырымдар;

10) құжатты іске асыруды ұйымдастыру деңгейі туралы тұжырымдар;

11) құжатты іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалының дәрежесі туралы тұжырымдар;

12) бағалау нәтижелеріне байланысты: құжатты түзету туралы; мемлекеттік органның қызметін жақсарту бойынша; қаржыландыру көлемдері мен көздері бойынша; қолданыстағы заңнаманы өзгерту және басқалар туралы ұсынымдарды қамтуы тиіс.

40. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әрбір салалық бағдарламаны бағалау жөніндегі қорытындыларды қалыптастырады және барлық есепті кезең үшін іске асыру туралы есептерді есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25 наурызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

41. Салалық бағдарламаға жүргізілген бағалау нәтижелерінің дұрыстығы мен толықтығын салалық бағдарламаны орындаушы, әзірлеуші, бірлесіп мемлекеттік органдар мен тиісті үекілетті мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

7. Салалық бағдарламаларды бақылау

Ескеरту. Ереже 7-тараумен толықтырылды - КР Үкіметінің 2012.11.23 № 1478 Каулысымен.

42. Салалық бағдарламалардың іске асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі, оны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган және осы бағдарламаны іске асыруға қатысқан бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган салалық бағдарламалардың іске асырылуы жөніндегі мониторингінің, бағалау және жүргізілген бақылау іс-шараларының негізінде жүзеге асырады.

Ескеरту. 42-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 қаулысымен.

Салалық бағдарламаларды
әзірлеу, іске асыру,
мониторингілеу, бағалау және
бақылау ережесіне
косымша

Ескерту. Ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 № 1100 каулысымен.

іске асыру жөніндегі

(салалык бағдарламаның атасы)

іс-шаралар жоспары

Р/ с №	Іс-шара	Өлшем бірлігі	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысаны	Орындауга жауаптылар	Оның ішінде жылдар бойынша							Қаржыланып көздері
						1 - жыл	2 - жыл	3 - жыл	4 - жыл	5 - жыл	n-жыл	Барлығы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

	Максат											
	Нысаналы индикатор											
	Міндет											
	Нәтижелер көрсеткіштері											
	Iс-шара											
	...											

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК